

## Телекоммуникациялар жүйесін жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған Германия кредиті бойынша берешек сомасына есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1899

Облыстар мен "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы телекоммуникациялар жүйесін жаңғырту және кеңейту жобасы жөніндегі Германия кредит желісі бойынша респубикалық бюджетпен берешекті өзара өтеу қажеттігіне байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1995 жылға арналған респубикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 Заң күші бар Жарлығында қарастырылған, аталған кредит бойынша берешекті өтеуге арналған 971 826 мың теңге сомасындағы шығындар, телекоммуникациялар жүйесін жаңғырту және кеңейту жөніндегі 411 389 мың теңге сомасындағы облыстардың сыртқы борышын жабу, сондай-ақ 560 437 мың теңге сомасындағы мемлекеттік теледидар мен радио хабарлары бағдарламаларын таратуды бөлу жөніндегі байланыс қызметтерін төлеу үшін валюта сатып алуға 1995 жылға арналған респубикалық бюджетте

қарастырылған шығындарға есептеліп, Германия кредиті бойынша есептеме жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі есептеменің сомасын респубикалық бюджетте бюджет жіктемесінің тиісті бөлімдеріне сәйкес көрсетсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі